***Ортаңғы «Сұңқар» тобы І апта ( 31-4 Маусым 2021 жыл)***

**«Жайдарлы жаз келді »**

Апталық тақырып**: « Бақытты балалық шақ»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:**Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | **Таңертеңгі шеңбер**<br>Ыстық ала қанымен,<br>Қолынды бер ,қысайын.<br>Амандасып өзінмен,<br>Құшақтасып алайын. | **Сергіту сәті:**<br>Өсеміз біз күліп-ойнап,<br>Он саусақтыңсаласындай,<br>Өсеміз біз күліп-ойнап, Бір адамның баласындай. | ***Сергіту сәті:***<br>*Тікірейіп құлағы,*<br>*Менен бұрын тұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп,*<br>*Беті қолын жуады.* | Достарымен қандай қарым-қатынаста болу керектігі жайлы әңгімелесу. | **Таңғы әсем әуенмен тілектер білдіреміз** |
| **Жаттығулар кешені № 1** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)*<br>Ас болсын! Қасықты оң қолмен ұстау, нанды үкпей жеу және ұқыпты тамақтану. Ас қайтару. | | | | |
| **Ойындар, Ұймдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Қ/О** «Қасқыр мен қоян»<br>**Мақсаты:** Балалардың кеңістіктегі берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық сияқты қабілетерін дамыту. | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); | **Д/О.: Кай жануар немен қоректенеді?**<br>**Шарты**: Әр жануарға берілген қоректерден дұрыс таңдауға баулу | **Ойын-жаттығу «Қуыршақты жуындыр»**<br>**Мақсаты:**өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілетін дамыту. | **Жұмбақтар шешу:**<br>**Аспанға ұшар бу болып**<br>**Жерге қайтар су болып. (Бұлт)**<br>Төгіледі төбеден.<br>Көк теңізден құйғандай<br>Көл-көсір су не деген? Жаңбыр) |
| **ҰОҚ** | **1.Музыка.**<br>**Мақсаты:**<br>Әнді айта отырып түстерді ажырата білуге үйрету. Есту | **3. Сөйлеу дамыту:**<br>**Тақырыбы:**«Менің балабақшам»<br>**Мақсаты:** *балаларды* | **4. Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:**«Мөлдір су»<br>**Мақсаты:** Балаларға судың адам үшін де, жалпы тіршілік | **5. Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** «Достарыма арналған доптар»<br>**Мақсаты:** балаларға қарапайым | **6. Дене шынықтыру т/а.**<br>**Мақсаты**:2.Ирелеңдеген баудың бойымен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қабілетін дамыту.<br>**Ұоқ барысы :**<br>Əн тыңдау:«Бесік жыры» (Ж.Тұрсынбаев, Е.Өтетілеуұлы)<br>**Əн айту:** «Балабақша»əні<br>**Муз - ырғақты қимыл:** «Бала уату»<br><br>**2, Дене шынықтыру**<br>**Мақсаты**:1.Ирелең деген баудың бойымен еркін жүру, шашырап жүгіру. Секіртпеден секіру. 0,5-1,5 м, арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>**Əдіс-тəсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1. Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, шашырап жүгіру.<br>2. Секіртпеден секіру.<br>3. 0,5-1,5 м, арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:** «Қояндар мен қасқыр»№7<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**орындайды:**негізгі жаттығуларды өздігінше орындайды. | *жаңа топпен таныстыру. Бөлмелердің аттарын үйрету.сұраққа қысқаша жауап беруге дағдыландыру. ұқыптылыққа баулу.*<br>***ҰОҚ барысы:***<br>**Суретпен жұмыс:**Балалармен сәлемдесіп: «Балалар, біз таңертең бала-бақшаға келеміз»,- дей отырып, бала-бақшаны суреттен таныстырады.<br>-Ендеше біздің бүгінгі жаңа топ бөлмесінің ерекшеліктерін байқаған болсандар, атайық:....<br>Топтағы заттармен таныстырады. –. Мынау шешінетін бөлме, онда шешінесіңдер, мұнда шешінетін шкафтар тұрады. Ас бөлмесінде ыдыстар тұрады. Ол ыдыстармен тамақ ішесіңдер.<br>Мынау –ұйықтайтын бөлме, онда сендер жататын кереуттер тұрады, онда ұйықтайсыңдар. Тобымыз үлкен, әрі жарық.<br>**Сұрақ-жауап:** .<br>Тәрбиеші тағы да сұрақтар беріп, балаларды көңілдендіріп, сұрақтарға жауап беруге, сөйлетуге үйретеді.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі:** *Өздерінің жаңа топ бөлмесін,ондағы өзгерістермен жиһаз атауларың айтуды.*<br>**Игерді:** *Топ туралы* | үшін де қажет екендігін түсіндіру. Суды үнемдеп пайдалану, суды ластауға болмайтындығы жөнінде түсініктерін қалыптастыру. Табиғат байлығын қамқор бола білу дағдыларын жетілдіру.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Жұмбақ шешу.**<br>Дәмі де, жоқ, түсі жоқ<br>Пайдаланбас кісі жоқ<br>Ол не?<br>-Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар, ол -су.<br>Су-мөлдір, сұйық зат.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-су адамға не үшін қажет екен?<br>-Суды ішеміз, тамақ әзірлеу үшін пайдаланамыз<br>Шомыламыз, киімді жуамыз, үйді тазалаймыз.<br>-ал, енді су кімге және не үшін қажет екенін білесіңдер ме?<br>-Иә, сусыз адам да, жануар да, өсімдік те тіршілік ете аламайды.<br>**«Су тіршілік-көзі деп»** бекер айтпаған.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс:<br>**Ойын шарты:** Айсұлуға қол жууға баратын жолды көрсету.<br>Сұрақ жауап арқылы қортындылау, балаларды мадақтау.<br>**Қортынды нәтіже:**<br>**Біледі:** судың мөлдір болатынын және тіршілік үшін қажет екенін .<br>**Игерді:**су туралы өлең, тыйым және нақыл сөздермен.<br>**Меңгерді:**судың тіршілік үшін қажет екендігін ұғынып, оның маңызы туралы | дөңгелек пішінде салуды үйрету; саусақтарының икемділіктерін арттыру ;<br>өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Суретпен жұмыс:**<br>Балаларға бүгінгі күннің тамаша сәулесін шашып, шаттық көңіл күйін сыйлап тұрғанын айтады.<br>- Қараңдаршы,құмның үстінде жатқан не?<br>- Доптың пішіні қандай ?<br>Дұрыс айтасыңдар,бүгінбіз достарымызға арнап доп суретін саламыз.<br>Достарымызға сыйлаймыз ба?.Ендеше алдарыңдағы ақ қағаз бетіне салмас бұрын ауада салып көрейік.<br>- Кәне,бәріміз сұқ саусағымыздың көмегімен үлкен және кіші доптарды салайық,. Сурет салу жолдарын түсіндіру, көрсету. Балалар бір доптың суретін оңай салып болса,әр балаға бірнеше доптың суретін ақ қағаз бетіне қылқаламмен доп салу ұсынылады.<br>Тапсырманы орындап болғаннан кейін қолдарын сүртіп, шеңберге тұра қалуларын және бірге қайталап қимыл жасаулар сұрайды.<br>**- Қ/О:** Көңіл күйі көтерілген доптың сендермен ойнағысы келеді.<br>Келіңдер,ойнайық және доп сияқты секірейік.<br>**Добым менің, добым менің,** | еркін жүру, шашырап жүгіру. Орнында баяуайналу.Секіртпеден секіру.<br>**Əдіс-тəсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>Ирелеңдеген баудың бойымен еркін жүру, шашырап жүгіру. Орнында баяу айналу. Секіртпеден секіру. Қимыл-қозғалыс ойындары «Өз түсіңді табу», «Жасырынбақ» өткізу, патомимика арқылы кейіпкерді табу ойынын ойнау.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *түсінікті*<br>**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:***сұрақтарға жауап беруді.* | | **Өзің неткен көңілді едің.**<br>**Зымырайсың,құтыңдайсың,**<br>**Бірақ, менен құтылмайсың.** | |
| **Серуен. Бақылау. Ойын** | ***Серуен №1***<br>***Жаздың белгісін байқ ау*** | *Серуен №2*<br>***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3***<br>***Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4***<br>***Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5***<br>***Ағаштарды бақылау*** |
| **Түскі ас** | Қасықты оң қолмен ұстау, нанды үкпей жеу және ұқыпты тамақтану. *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.Балалардың киімдерін ұқыпты жинатып орындарына жатқызу.<br>Балаларды өз төсектеріне ретімен жатқызу.Балаларды жатқызып төсектерін жамылдырту. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Балаларды саппен тұрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,<br>Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,<br>Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс<br>Ас болсын! Қасықты оң қолмен ұстау, нанды үкпей жеу және ұқыпты тамақтану. Ас қайтару.<br>Қолымызды жылы сумен жуып тамаққа ұқыпты отырамыз. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | **Сюжетті –рөлдік ойын:**<br>«Шаштараз»<br>Мақсаты:Балаларға шаштараздың қызметін жайында түсіндіру.Мәдениетілікке баулу. | **Д/О :Сурет бойынша**<br>«Сөйлемді аяқта»<br>(Атамның ...<u>тақиясы, қамшысы .</u><br>Әжемнің тәтті ....<br><u>бауырсағы</u>) | **Қ/О : «Күн мен жаңбыр»**<br>**Шарты:** Балалар Күн дегенде қолдарын жоғары көтеріп, алақандарын ашады, «Жаңбыр жауды» дегенде отырып, еденге саусақтарын тақылдатады | **Д/О: Көлік түрлерін құрастыру.**<br>**Мақсаты:** Балаларға көлік түрлерімен таныстыру .Олардың қай жерде журетінің және қандай қызмет жасайтының жайлы әңгімелей отырып құрастыру. | **Д/О:** «Біздің балалар қайда екен?»<br>Үлестірмелі материалда берілген сурет бойынша балалардың қайда тұрғанынн тапқызу |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу<br>Балаларды ұқыпты киіндіріп , өз аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. . Сап түзеп серунге шығару. | | | | |
| **Серуен Бақылау Ойын** | ***Серуен №1***<br>***Жаздың белгісін байқ ау*** | *Серуен №2*<br>***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3***<br>***Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4***<br>***Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5***<br>***Ағаштарды бақылау*** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата аналарға жазгы аусымға байланысты балалардын киімдерін  назар аударуларын ескерту.Сау болындар | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҰҚ  жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Үйде баланың өзі киініп, өзі шешінуін қадағалап, талап етіп, отыруын түсіндіру.Сау болындар! | Ата аналарға маусымнын 15не қалмай төлем ақыларын төлеулерін ескерту.Көріскенше сау болындар! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.

***Ортаңғы « Сұңқар» тобы II апта ( 7-11 Маусым 2021 жыл)***

**«Жайдарлы жаз келді.»** Апталық тақырып **«Жаз із-кесушілер»**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:**Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | Шаттык шеңберіне тұрғызады.<br>- Бір-бірімізге карап, жаксы сөздер айтайық:<br>- *Күніміз жаркын, әдемі, ашык, қуанышты, көңілді болсын!* | Балаларды жартылай шеңберге отырғызып, С.Қалиұлының «Үлгі» өлеңін оқып береді:<br>- *Кім жек көрер пысықты, «Ылги бетін жуады», -*<br>*Деп, тәтеміз мысықты*<br>*Бізге үлгі қылады.*<br>***Үлгі*** сөзіне сөздік жұмыс жасайды. Дыбыстық жаттығу Ү-ү-үлгі. | Балаларды шеңберге тұрғызып, «Угәй-ай» әнімен:<br>- *Угәй, угәй әніміз,*<br>*Арпа-бидай дәніміз,*<br>*Ашық болып аспанымыз,*<br>*Сәтті болсын күніміз! -* деп, балаларға бүгінгі күнге сәттлік тілейді. | Балалар шаттық шеңберінде:<br>*Орнымыздан тұрамыз,*<br>*Күнге шаттана қараймыз,*<br>*Қуана қолымызды соғамыз,*<br>*Осылай күнге жылу шашамыз.* | Балалармен салемдесіп, шаттық шеңбергн құрады.<br>Күнге қарап күлімдеп, бойымыздағы жылуды күнге қарай шашамыз деп, қимыл-қозғалыстар жасатады. |
| **Жаттығулар кешені № 1** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына, Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | ***Д/О:шарты:***<br>«Дауысын сал! Құстардың суреттерін таратып береді.Кімде қандай құстың суреті, соның дауысын салады? | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (тобындағы достарының заттарын анықтау); | ***Қимылды ойын:*** «Түлкі мен құстар» бір бала түлкі қалғаны құстар болады. Түлкі ұйықтап отырады. Құстар қасында ұшып жүреді, түлкі оянып кетіп, құстарды қуады. | **Қ/О** :«Кім жылдам?» «Дұрыс сал!»<br>**Шарты**:Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді жинаса сол жеңеді. | **«Не артық?» д/ойын.**<br>Суреттен не артық екенін табады. |
| **ҰОҚ** | **Музыка**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.<br>**Ұоқ барысы:**<br>***Ән тыңдау:***«Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов)<br>***Ән айту:*** «Топ-топ | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:** *ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Қандай? Сұрағына жауап беруге үйрету. Сұраққа қысқаша жауап беруге дағдыландыру. Жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету.Ұқыплылыққа баулу.*<br>**ҰОҚ барысы:**<br>М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру: *Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ.* | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Көкөністер»<br>**Мақсаты:** көкөністер, олардың түстері , жинап алатын мезгілін. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу. Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>***Әңгіме жүргізу.***<br>-Балалар, қазір жылдың қай | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** ««Әдемі гүл» (Триз әдісі. Жіппен салу)»<br>**Мақсаты:** қол,саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып жіпті бояуға малып триз әдісін паидаланып гүл салуға үйрету,бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру; ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын,кеңістікті дағдарлай білу қабілетін | **Дене шынықтыру т/а.**<br>Еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балақан»<br>әні(М.Арынбаев,А.А сылбеков)<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Достастық»<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Секіртпеден секіру.Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1. Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру.<br>2. Секіртпеден секіру.<br>3. .Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:** «Паравоз»№1<br>**Күтілетін нәтиже: орындайды:**негізгі жаттығуларды өздігінше орындайды. | *Ойыншықтар тыңдайды,*<br>*Айтқанынан шықпайды.*<br>Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өлең жолдарын жаттауға ұсыныс жасайды – Сенің қандай ойыншығың бар? Сен онымен ойнап болған соң орнына жинайсың ба? Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе? Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнауларын керек.***Ғажайып сәт.*** «Сиқырлы сандық»-Кәне, сандықта не бар екен, деп балалардың көңілін аударады.-Ботақан, мысық, құлыншақ бар екен.-Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрастырайық. Әңгіме құрастыруға көмектеседі.Ботақан, мысық, құлыншақ туралы түсіндіреді ***Сергіту сәті:***<br>*Тікірейіп құлағы,*<br>*Менен бұрын тұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп,*<br>*Беті қолын жуады.*<br>Үлестірмелі суреттермен **«Тез көрсет!»** ойынын ойнатады. Ойыншықтардың аттары бар өлең оқыған кезде өлеңде айтылған жануарлардың суреттерін жылдам көрсету керек. Мысалы:<br>*Құлыншағым-құндызым, Құлдырайды шабады.*<br>*Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады.*<br>*Тікірейіп құлағы, Менен бұрын бұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады.*<br>*Тәй,тәй тұрған ботақан, Аяқты қалт-құлт басасың.*<br>Осы тақпақтардың біреуін жаттауды ұсынады.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>Нені білу керек? *Ойыншықты* | мезгілі?<br>-Иә, Балалар, жаз мезгілі екен. өткен де біз сіздермен жаздан соң күз мезгілі-астықтың, көкөністердің пісетін кезі дедік. Біз көкөністер туралы не білеміз?<br>**«Ғажайып сәт»**<br>-Балалар, бәріміз көзімізді жұмып, бір әт ойланайық. Енді көздеріңді ашуға болады.<br>Не деген тамаша! (Балалар үстел үстіндегі себет толы көкөністерді көріп таңғалады)<br>-қияр, сәбіз, қызылша, картоп,пияз,қызанақ-көкөністер.<br>-Көкөністер қай өседі екен?<br>-Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп. Күнделікті өмірде көп пайдаланылатын көкөністердің бірі-қиярмен қызанақ. Қиярдың түсі қандай?<br>Қиярдың түсі жасыл болады. Пішіні сопақша түкті болып келеді. Қияр-асқабас тұқымдас бір жылдық бақша дақылы. Қиярды тағам ретінде пайдаланамыз. Ал, қызанақтың түсі қандай екен?<br>Қызанақ-қызыл түсті көкөніс. Қызыныктың пішіні дөңгелек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен қиярмын,қиярмын<br>Жаттығуға даярмын<br>Қолдарымды көтеріп,<br>Қиярдай болып өсермін<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс:**Берілген көкөністердің түсін ажыратып бояу.Сабаққа белсенді қатысқан балалар мадақталады.<br>**Күтілетін нәтіже:**<br>***Білді:***Қияр мен қызанақтың түсін, пішінін ажырата біледі | жамыту ;<br>сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**ҰОҚ барысы:**<br>Өлең жолдарын оқу мен гүл түрлерімен таныстыру:<br>Жыл мезгілі шуақты<br>Жердің беті нұрланған.<br>Сайды қуып су ақты.<br>Гүлдер өсті ырғалған.<br>-Балалар, бүгін біз ерекше сурет салу жолдары арқылы әсем гүл саламыз.ендеше мұқият тыңдап жасалу жолдарына назар аударыңдар.Алдымен қәуіпсіздік ережелерді қайталап алайық. Алдарында жіпті өздеріне ұнаған түске – гуашка малып, ақ қағазға ирелеп орналастырамыз.Жіпті қозғамаймыз. Қолмен ұстауға болмайды.Өйткені гүліміз әдемі болмай қалады. Енді екінші ақ қағазды үстіне алақанымызбен басып, жіпті суырып аламыз. Бұл сурет салудын өзгеше жолы болып табылады, оны триз әдісі деп аталады. Қане өздерін жасандар .<br>**<u>Сергіту сәті:</u>**<br>Күн болып жанайық,<br>Мөлдір су боп ағайық.<br>Гүл болып жайнайық,<br>Терең-терең демалып,<br>Жүгіріп-жүгіріп алайық.<br>**Күтілетін нәтіже:**<br>***Білді:****жіп арқылу сурет салуды*<br>**Игерді:**жіппен ирек жолдарды н ақ қағазға орналасытуды. | арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім**<br>Едендегі нееденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру<br>Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру<br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоян»<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *сипаттауды.*<br>Қандай түсініктерді игерді? *Ойыншық туралы түсінікті* | **Игерді:**көкөністерді жемістерден ажырата білу дағдыларын игерді | | |
| **Серуен. Бақылау.** | ***Серуен №6 Аққайың ағашын бақылау*** | ***Серуен №7 Құмырсқаны бақылау*** | ***Серуен №8 Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №9 Алма ағашын бақылау*** | ***Серуен №10 Қарақат бұтасын бақылау*** |
| **Түскі ас** | *Балалардын назарын тамақға аудару.*<br>*Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.*<br>*Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына  жағымды жағдай орнату.<br>Балалардың киімдерін ұқыпты жинатып орындарына жатқызу.<br>Балаларды өз төсектеріне ретімен жатқызу.<br>Балаларды жатқызып төсектерін жамылдырту. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж.** Сумен жуыну, сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру. | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен  жүру. | Балаларды  саппен түрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,<br>Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,<br>Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | ***Д/О***:«Не жок?»<br>***Шарты***: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады.Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде ойыншықтардың біреуін алып қояды, Балалар көздерін ашып,<br>қай ойыншықтың жоқ екенін табады | **Д/ойыны:** «Ненің баласы екенін тап?»<br>үлестірмелі материалда берілген су-<br>реттен жануарлар, олардың балаларымен сәйкестендіреді. | **Қ/О: «Мен жасай аламын».** Сурет бойнша көрсетілген қимылды корсету.Мысалы: секіру, отыру, түру... | **Д/ ойыны :** «Не жоқ?»<br>Киімдерді тізіп қояды, жоқ киімді табады. Көздерін жұмдырады, біреуін алып қояды. Көру, есте сақтау қабілеттерін дамытады. | **д/ойыны.** «Айгүлге қуыршағын жуындыру ушін не керек?» Жуындыру үшін қандай заттар керегін суретке қарап айтып, артық затты сызады. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу<br>Балаларды ұқыпты киіндіріп , өз аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. . Сап түзеп серунге шығару. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Серуен Бақыла** | ***Серуен №6*** <br> ***Аққайың ағашын бақылау*** | ***Серуен №7*** <br> ***Құмырсқаны бақылау*** | ***Серуен №8*** <br> ***Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №9*** <br> ***Алма ағашын бақылау*** | ***Серуен №10*** <br> ***Қарақат бұтасын бақылау*** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-аналарына табыстау, балалардың тәртібі, тазалығы жайында әңгімелесу | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҮҚ жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Балардың үйде әдептілік сөздерді күнделікті айтып пайдалануын қадағалауын өтіну. | Ата-аналарға демалыс күндері күн тәртібін сақтауын талап ету.Көріскенше күн жақсы болсын! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.

*Ортаңғы « Сұңқар » тобы Ш апта ( 14-18 Маусым 2021жыл)*

« Жайдарлы жаз келді»-Апталық тақырып : **«Жаз да келді , көңілді »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:**Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | Балаларды шеңберге тұрғызып: *Бала-бала, балақан, Кәне қайсы алақан Саусақтаың әйбат, Былай, былай ойнат.*-деп Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Балаларды жартылай шеңберге тұрғызып: *Орнымыздан тұрамыз, Алақанды соғамыз Жоғары – төмен қараймыз, Топылдатып басамыз.*-деп Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Балаларды шеңберге тұрғызып: *Арайлап атқан таңымыз аппақ, Арайлап атқан таңымыз ашық. Арайлап атқан таңымыз жарқын, Арайлап атқан таңымыз қуанышты болсын!.* Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Шаттык шеңберіне тұрғызады. - Бір-бірімізге карап, жаксы сөздер айтайық: *Күніміз жаркын, әдемі, ашык, қуанышты, көңілді болсын!* | Балалармен сәлемдесіп, шаттық шеңберін жасайды. -*Топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайық!, Жаса, жаса алтын күн! Жаса, жаса жарқын күн!* |
| **Жаттығулар кешені № 2** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Балалардын назарын тамаққа аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі. Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Қ/О** «Қаскыр мен қоян» **Мақсаты:** Балалардың кеңістіктегі берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық сияқты қабілетерін дамыту. | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын аныктау); | **Д/О.: Кай жанувар немен коректенеді? Шарты: Әр жануарға берілген коректерден дұрыс таңдауға баулу** | **Ойын-жаттығу «Қуыршақты жуындыр» Мақсаты:**өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілетін дамыту. | **Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)** Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) |
| **ҰОҚ** | **1. Музыка Мақсаты:** Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету. **ҰОқ барысы:** **Ән тыңдау:** «Жаз келді алақай» | **3. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы:** ««Көрсет және қайтала» **Мақсаты:** *өткен оқу іс – әрекетінде алған білімдерін бекіту. Өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету. Тазалыққа баулу* **ҰОҚ барысы** | **4. Жаратылыстану. Тақырыбы:** «Жолда жүру ережесі » **Мақсаты:** Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету. **ҰОҚ барысы** | **5. сурет салу. Тақырыбы**:Шағылысқан күн **сәулесі. Мақсаты:** дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету .Балаларға сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, балаларға саусақтар көмегімен күн сәулесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. **Ұоқ барысы:** | **6. Дене шынықтыру т/а.** Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру. Кеудесінің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (Д.Ботбаев. Е.Өтетілеуұлы)<br>**Ән айту:** Г.Жотаева «Көңілдқуыршақпыз»<br>**Муз - ырғақты қимыл:**<br>«Кішкентай би» (Н.Александрова)<br><br>**2. Дене шынықтыру**<br>Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Еденде 10-20 см қашықтықта (2арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан, таспадан секіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1.Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру.<br>2. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу.<br>3. Еденде 10-20 см қашықтықта (2арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан, | **Әңгіме жүргізу.**<br>Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметіміз ерекше, ойын түрінде өтеді деп, балаларды ойнауға шақырады. «Көрсет және қайтала!» деген ойынды ойнаймыз.<br><br>Балаларға үлестірмелі суреттер таратып береді.<br>- Балалар, енді сендер мені мұқият тындаңдар. Мен сендерге өлең, жұмбақтар оқимын, қолдарын-дағы суреттердің қайсысы неге ұқсаса сол суретті көтересіңдер және сол затты бәріміз қайталаймыз.<br>-Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңа сүйкесең,<br>Кетіп кір-ласың.<br>Тап-таза боласың, Бұл не?<br>- Шомылған баланы,<br>Аймалап алады<br>Сүртеді қолын да,<br>Сүртеді жонын да. Бұл не?<br>- Аузы жоқ, көзі жоқ,<br>Тілі жоқ, сөзі жоқ,<br>Бірақ та тісі бар -<br>Шашыңмен ісі бар. Ол не?<br>- Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп,<br>Қарайды кісіге,<br>Ұқыпты ісіне. Бұл не?<br>- Су, бетіңді жу! Бұл не?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балық болып жүземіз,<br>Шынығамыз суда біз.<br>Шынықсақ біз бәріміз,<br>Шымыр болып өсеміз.<br>**«Қайсысы тазалық заты емес?»** д/ ойыны. | **Әңгіме жүргізу.**<br>-Балалар, сендермен жол тәртібі туралы әңгімелесеміз. Тақтада сендер қандай пішінді көріп тұрсыңдар?<br>-Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар, дөңгелек екен. Осы пішіндердің түстері бір-біріне ұқсай ма?<br>Пішіндердің түсі-қызыл,жасыл, сары. Мен қазір сендерге сиқырлы жұмбақ жасырамын.<br>**Жұмбақ:**<br>-Қызыл түсі «тұр» дейді,<br>Сары көзі «дайын бол» дейді<br>Жасыл көзі «жүр» дейді<br>-бағдаршамды қайдан көрдіңдер?<br>Иә, балалар, бағдаршамды машина жүретін жолдың шетінен көреміз.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>-Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі.<br>-Балалар жолдан қалай өтуіміз керек?<br>-Дұрыс, жолдан абайлап өту керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды. Жолдан өтер кезде алдымен сол жағына, содан соң оң жағына қарап, арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолмен өту керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Ойын: «Бағдаршам»**<br>**Шарты**: жүргізуші жасыл түсті көрсеткенде, балалар жүреді. Сарыны көрсеткенде алақандарын соғады. Қызылды көрсеткенде тыныштық сақтайды.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс. | **1. Ұйымдастыру кезеңі.** Педагог балаларға шаттық шеңберін ұйымдастырып, жұмбақ оқып, оның жауабын сұрайды:<br>**Ақ сандығым ашылды,**<br>**Ішінен жібек шашылды. (Күн).**<br>**2. Негізгі кезең.** Педагог балаларға терезеден күн сәулесін бақылауға шақырады. Бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш әкелетіні – жапырақтар жайқалып, құстар сайрап, жан-жануар атаулы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болатыны жайлы әңгімелейді. Балаларды ойын бұрышына шақырады. – Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ. Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылынуына көмектесеміз бе?<br>**Сөздік жұмыс: күннің сәулесі.**<br>Ойыншықтарға сыйлау үшін күннің сәулесін салуды балаларға ұсынады.<br>**Педагог демонстрациялық материалдан күннің сәулесі салынбаған суретті көрсетеді. Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:** Саусағымызды сары түске батырып, күннің сәулесін қысқа сызықтармен саламыз**. Сергіту сәті.**<br>**Ал, балалар, тұрамыз,**<br>**Айналаны шоламыз.**<br>**Күн нұрындай жарқырап,**<br>**Жер бетіне қонамыз.**<br>Алғаш дайын болған суретке педагог күннің күлімдеп тұрған бейнесін әдемілеп салады. Ол бейнеден қуаныштыобраз анық көрініп тұруы тиіс. Балаларға мынадай өтініш айтады. – Ол сендерге риза болып, рақмет айтып тұр, сендер де күн сияқты күлімдеп, өздеріңнің көңіл күйлеріңді көрсетіңдер. Көңілділік әр баланың өзінен басталса қандай жақсы. Жұмыс соңынан қолдарын сулы шүберекпен сүртіп, тазалауын қадағалайды. Қиналған балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Педагог ойыншықтардың атынан балаларға «рақмет» | тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5м арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>«Сабын көпіршіктері күні»<br>«Дәрігер» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таспадан секіру.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:** «Түлкі мен қаздар»№10<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>**орындайды:**негізгі жаттығуларды өздігінше орындайды. | Суреттен артық затты табады, себебін айтады<br>Тарақ, сүлгі сөздерін дұрыс айтқызып қайталатады.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі:** тазалық заттарының аттарын<br>**Игерді:**тазалық туралы түсінікті<br>**Түсінді:**өлеңнің мазмұнын түсініп, оны қысқаша әңгімелеуді | Бағдаршамның түстерін ажыратып, бояту<br>Сұрақтар қою арқылы балалардың меңгергендерін қорытындылау.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі**:бағдаршамның атқаратын қызметін.<br>**Игерді:**бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдыларын игереді<br>**Меңгерді**:жолда дүру ережелерін меңгереді | айтады. Енді бөлмеде үнемі көңілді болады деп ескертеді.<br>**3. Рефлексия.** Педагог жұмыс соңынан балалардың еңбегін мадақтап, топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар көңілді болатынын айтады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**біледі:** саусақ арқылы күннің сәулелерін салуды. **түсінеді:**күн сәулесінің жылуы барлығын жылытатынын, бояумен ұқыпты салуды. **қолданады:** саусақпен сурет салуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілді**.** | сюжетті–рөлдік ойыны.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау. |
| **Серуен. Бақылау. Ойын.** | ***Серуен №1 Жаздың белгісін байқ ау*** | *Серуен №2* ***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3 Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4 Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5 Ағаштарды бақылау*** |
| **Түскі ас** | *Балалардын назарын тамақға аудару.*<br>*Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.*<br>*Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Сумен жуыну, сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру<br>Тамақты дұрыс ішуге, қасық бет орамалды қолдануды пысықтау.<br>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, орындыққа іліп қойуын қалыптастыру | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Балаларды саппен тұрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Қолымызды жылы сумен жуып тамаққа ұқыпты отырамыз. Ас болсын! Қасықты оң қолмен ұстау, нанды үкпей жеу және ұқыпты тамақтану. Тамақты ұқыпты ішеміз нанды үкпей жейміз.Ас қайтару. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | **«Қандай түс?»** дидактикалық ойыны,<br>Шарты ; Педагог түрлі түсті ойыншықтарды көрсете отырып, олардың түстерін сұрайды. | **Ойын: «Жылы сөздер»**<br>**Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы сөздер айтады | **Ойын: «Кім жылдам»**<br>**Шарты:** ойыншықтарды көрсеткенде, олардың аттарын жылдам айту керек.<br>-Ойыншықтарды сындырмай ойнау керек.... | *«Жіптер орамы » ойыны, Ойынның шарты;* Балаларға себеттегі тарқатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады. | **«Кім алысқа лақтырады?» ойыны.**<br>**Шарты:** Допты ,қағып алып ойнайды.кімнің алысқа лақтырғанын бақылап тұрып, ойын қорытындысын шығарады. |

| Серуенге дайындық | Киіну: серуенге шығу.Сап түзеп серунге шығару.Балалрды ұқыпты киіндіріп серуенге шығару<br>Балалрға аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. Балалрды саппен серуенге шығару. | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен Бақылау** | ***Серуен №1 Жаздың белгісін байқау*** | *Серуен №2* ***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3 Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4 Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5 Ағаштарды бақылау*** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-аналарына табыстау, балалардың тәртібі, тазалығы жайында әңгімелесу | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҰҚ жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Балардың үйде әдептілік сөздерді күнделікті айтып пайдалануын қадағалауын өтіну. | Ата-аналарға демалыс күндері күн тәртібін сақтауын талап ету.Көріскенше күн жақсы болсын! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.

***Ортаңғы « Сұңқар» тобы IV апта (21-25 Маусым 2021жыл)***

**« Жайдарлы жаз келді»** Апталық тақырып **«Қауіпсіз жаз »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:** Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар ( сті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | Шеңбер болып тұрып, сүйкімді қуыршаққа тілек айтайық | **Шаттық шеңбері.**<br>*Бір шаңырақ астында,*<br>*Тату-тәтті тұрамыз.*<br>*Бірге ішеміз асты да,*<br>*Бірге сайран саламыз*<br>*Н.Айтов* | Балалармен салемдесіп, шаттық шеңбергн құрады. Күнге қарап күлімдеп, бойымыздағы жылуды күнге қарай шашамыз деп, қимыл- қозғалыстар жасатады. | Балалармен салемдесіп, шаттық шеңберін жасайды,<br>*Орнымыздан тұамыз,*<br>*Күнге шаттана қараймыз,*<br>*Қуана қолымызды соғамыз,*<br>*Осылай күнге жылу шашамыз.* | **Шаттық шеңбері.**<br>- Балалар,бүгінгі күнді тамаша әнмен бастағым келіп тұр. Олай болса, бәріміз шеңбер бойымен айналып тұрамыз.«**Бала-бақша »** әнін орындайық: |
| **Жаттығулар кешені № 2** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Д/О «Сыңарын тап» Мақсаты:** Ұлттық үлгідегі киімдер жайында түсінік беру. Пішініне және ою-өрнегіне қарай сыңарын таба білу. | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); | **Қ/О** «Ұшты- ұшты».**Мақсаты:** Ненің ұшатынын,ненің ұшпайтынын, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. | **Д/о «Ортамызда кім жоқ?»Мақсаты** Қасында кай досы жоғын аңғарту.Есте қалу қабилетін дамыта отырып, **о**й-өрісін жетілдіру. | **Үстел үсті ойыны** «Мозайкалар» **Мақсаты**: ой-өрісін дамыту |
| **ҰОҚ** | **1. Музыка**<br>**Мақсаты:**<br>Қуыршақ кейіпкерлер арқылы музыкаға қызығушылығын арттыру, шығармашылыққа баулу, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйретуді әрі қарай жалғастыру. | **3. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Бауырсақ ертегісі»<br>**Мақсаты:** *Ертегі мазмұнымен таныстыру.Оңдағы кейіпкерлерінің бір-біріне айтқан сөздерін айтқызу арқылы оны сахналауға талпындыру.* | **4. Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Табиғат құбылыстары»<br>**Мақсаты:** Балаларға табиғат құбылыстары туралы түсіндіру. Жұмбақтар шешу арқылы ой-өрістерін дамыту. Табиғатты қорғап, аялай білуге тәрбиелеу.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Әңгіме жүргізу** | **5.Сурет салу .**<br>**Тақырыбы:** Әртүрлі түстегі қақпалар<br>**Мақсаты:**қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен | **6. Дене шынықтыру т/а.**<br>Еденнен 20 см биік керілген арқанның үстінен аттап жүру, 30-40 сек үзіліссіз жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта жатқан лентадан секіру. Допты бір |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ҰОҚ** | **Музыка**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.<br>**Ұоқ барысы:**<br>***Ән тыңдау:*****«**Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов)<br>***Ән айту:*** «Топ-топ балақан» әні(М.Арынбаев,А. Асылбеков) | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Айгерім қонаққа келді»<br><br>**Мақсаты:** Б*алаларға ыдыстар мен тағамдардың аттарын айтуды үйрету, оларды ажыратуға жаттықтыр.*<br>*Қонақ күту ережелерімен таныстыру.*<br>*Қонақжайлылыққа баулу.*<br>***ҰОҚ барысы:*** Балалармен салемдесіп, олардың назарын шай ішіп отырған қыз бейнеленген суретке аударады.<br>- Балалар, суреттен не көріп тұрсыңдар? | **Жаратылыстану**<br>**Тақырыбы:** «Абайла, балақай!»<br>**Мақсаты:** Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету.<br><br>**ҰОҚ барысы**<br><br>**Әңгіме жүргізу.** | **Мүсіндеу**<br>**Тақырыбы:** «Пирамида »<br><br>**Мақсаты:** Балаларға ермексазды шымшып үзіп алу , домалақ, жұмыр мүсіндер туралы мағлұмат беру.Саусақтың ұсақ бұлшықеттері қимылын жетілдіру.Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.<br><br>**ҰОҚ барысы**<br><br>**Ғажайып ойын**<br>Педагог балалардан пирамидаға мұқият қарап алуды сұрайды. Пирамиданың сақиналарын бір- | **Дене шынықтыру т/а.**<br>Еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Муз – ырғақты қимыл:**<br>«Достастық»<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру.<br>Секіртпеден секіру.Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1. Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру.<br>2. Секіртпеден секіру.<br>3. .Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:**<br>«Паравоз»№1<br>**Күтілетін нәтиже:** | - Иә, қыз бала шай ішіп отыр.<br>Үстелде тұрған заттардың аттарын айтайық,<br>- Мынау - нан, шай, қант,тәрелке, шәйнек, кесе. Нан, қант; шай тағамдар деп аталады. Кесе, шәйнек, тәрелке ыдыстар деп аталады.<br>Дыбыстық жаттығуы,<br>Ыс-ыс - ыдыс. ғам-ғам - тағам.<br>Осы сөздерге сөздік жұмысы жүргізіледі. ***Ғажайып сәт:***<br>Қонаққа қуыршақ Айгерім келеді.<br>- Балалар,Айгерім бізге қонаққа келді. Қазақ қонақшыл халықпыз. Қонақты күтуді, сыйлауды білуіміз керек. Кәне, Айгерімге шәй жасайық нанды тәрелкеге, шайды шәйнекке<br>салып, шай дайындап, кесеге құямыз, - деп айтып, үйретіп отырады. Балалар тағамдарды ыдыстарға салып, үстелге қойып, Айгерімді<br>үстелге шақырады.<br>***Сергіту сәті.***<br>*Орнымыздан тұрамыз, Аяқты нық басамыз,*<br>*Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып аламыз.*<br>*Қолымызды жуамыз,*<br>*Алжапқышты байлаймыз.*<br>*Дастарқанды жасаймыз,*<br>*Ыдыстарды қоямыз.*<br>*Қамқоршы бала боламыз.*<br>1. «Дұрыс көрсет, ажырат!» д/ойыны.<br>Тағамдар мен ыдыстардың суреттері тараты-лып беріледі.<br>Атын атағанда тез көрсету: және ол тағам ба, ыдыс па - дұрыс | -Балалар, сендермен жол тәртібі туралы әңгімелесеміз.<br>Тақтада сендер қандай пішінді көріп тұрсыңдар?<br>-Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар, дөңгелек екен. Осы пішіндердің түстері бір-біріне ұқсай ма?<br>Пішіндердің түсі- қызыл,жасыл, сары.<br>Мен қазір сендерге сиқырлы жұмбақ жасырамын.<br>**Жұмбақ:**<br>-Қызыл түсі «тұр» дейді,<br>Сары көзі «дайын бол» дейді<br>Жасыл көзі «жүр» дейді<br>-бағдаршамды қайдан көрдіңдер?<br>Иә, балалар, бағдаршамды машина жүретін жолдың шетінен көреміз.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>-Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі.<br>-Балалар жолдан қалай өтуіміз керек?<br>-Дұрыс, жолдан абайлап өту керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды. Жолдан өтер кезде алдымен сол жағыңа, содан соң | бірден шешіп, қайтадан кигізеді.<br>-Балалар, бұл әдемі пирамидаға мұқият қарандаршы. Пирамиданың ұшар басына дейін әдемі, түрлі түсті ағаштан жасалған сақиналар көз тартады.Педагог:<br>-Балалар, мына пирамиданың сақиналарын алып, қайта салыңдар.<br>-Қараңдаршы, қандай әдемі!Осындай пирамидамен ойнағылырың келе ме?<br>Балалар педагогті мұқият тыңдай отырып, үлестірмелі материалдағы суретке көз жүгіртеді.<br>Ойынға кіріседі: пирамида құрастырады.<br>**Ұйымдастырушылы**<br>-Дәл осындай пирамиданы біз өз қолымызбен, ермексаздан мүсіндей аламыз. Мен сендерге мүсіндеу жолдарын үйретемін.<br>**Түсіндіреді:**<br>-Ең бірінші біз бейненің негізін жасап алуымыз керек. Ол үшін ең астына қызыл түсті ермексазды тыңдаймыз. Алдымен екі алақан арасына салып, ермексазды домалақтаймыз. Шер пішініне келтірген соң алақан арасына салып, қатты қысып, жалпақтаймыз. Енді көк түсті ермексазды алып, тағы да домалақтап шар жасағаннан кейін, оны сопақтап есіп, сақина тәрізді екі ұшын біріктіріп, қызыл түстің үстіне орнластырамыз.<br>-Келесі сақинамыз сәл кішілеу, сары түсті болады. Оны да домалақтап, алақан арасына салып есіп, сақина жасап, көк түсті сақинаның үстіне кигіземіз.<br>-Ең бастысы-төбесін жасау, ол | секіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім**<br>Едендегі нееденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру<br>Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру<br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоян»<br>**4**.Қауіпсіздік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **орындайды:**негізгі жаттығуларды өздігінше орындайды. | ажыратуы керек.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Нені білу керек**? *Тағамдар мен ыдыстардың аттарын*<br>**Қандай түсініктерді игерді?** *Ыдыстыр және тағамдар туралы сөйлем құрастыра білу дағдысын*<br>**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** *қонақ күтуді.* | оң жағына қарап, арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолмен өту керек.<br>**Сергіту сәті:**<br>**Ойын: «Бағдаршам»**<br>**Шарты**: жүргізуші жасыл түсті көрсеткенде, балалар жүреді. Сарыны көрсеткенде алақандарын соғады. Қызылды көрсеткенде тыныштық сақтайды.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Бағдаршамның түстерін ажыратып, бояту<br>Сұрақтар қою арқылы балалардың меңгергендерін қорытындылау.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі**:бағдаршамның атқаратын қызметін.<br>**Игерді:**бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдыларын игереді<br>**Меңгерді**:жолда дүру ережелерін меңгереді | домалақ, қызыл түсті.<br>-Міне, біздің өз қолымызбен мүсіндеген пирамидамыз да дайын.Ынталарын көрсетеді. Қарайды, мұқият тыңдайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Саусақ жаттығуы**<br>Бала, бала, балақан,<br>Кәне, қайсы алақан.<br>Саусақтарың әйбәт,<br>Былай, былай ойнат.<br>Топ, топ, топ басайық.<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Ал енді ермексазды алып, пирамида сомдауға кірісіңдер.<br>Балалар пирамида мүсіндеуге кіріседі. Өздері сомдаған дайын пирамиданы үлестірмелі материалға, ойыншықтар арасына орналастырады.<br>Балалар мадақтау.<br>-Міне, балалар, сендер қандай әдемі пирамида мүсіндеп шықтыңдар.<br>-Жарайсыңдар!<br>Балалар қуанышты жүзберін көрсетеді. Жұмыстарың «Менің еңбегім» атты көрмеге қояды<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>-ермексаздан шымшып үзіп алу, алақанмен домалақтап алып, оны сопақтап кесу арқылы пирамида **жасайды;**<br>-әртүрлі түстер мен көлемді сақинаны ажырата білу дағдысын **түсінеді;**<br>-ермексаздан дөңгелек пішін жасау амалдарын **қолданады.** | шараларын сақтау. |
| **Серуен. Бақылау.** | ***Серуен №1***<br>*Емен ағашын* | **Серуен №2**<br>Гүл егілген алаңқайды бақылау . | **Серуен №3**<br>Бақбақ өсімдігін | **Серуен №4**<br>Құстарды бақылау. | ***Серуен №5***<br>*Орманға* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | *бақылау* | | бақылау. | | *саяхат* |
| **Түскі ас** | *Балалардын назарын тамаққа аудару.*<br>*Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.*<br>*Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Балалардың киімдерін ұқыпты жинатып орындарына жатқызу.<br>Балаларды өз төсектеріне ретімен жатқызу.<br>Балаларды жатқызып төсектерін жамылдырту. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж.** Сумен жуыну, сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру. | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Балаларды саппен түрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,<br>Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,<br>Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу<br>Балаларды ұқыпты киіндіріп , өз аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. . Сап түзеп серунге шығару. | | | | |
| **Серуен Бақыла** | ***Серуен №1***<br>*Емен ағашын бақылау* | **Серуен №2**<br>Гүл егілген алаңқайды бақылау . | **Серуен №3**<br>Бақбақ өсімдігін бақылау. | **Серуен №4**<br>Құстарды бақылау. | ***Серуен №5***<br>*Орманға саяхат* |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-аналарына табыстау, балалардың тәртібі, тазалығы жайында әңгімелесу | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҮҚ жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Балардың үйде әдептілік сөздерді күнделікті айтып пайдалануын қадағалауын өтіну. | Ата-аналарға демалыс күндері күн тәртібін сақтауын талап ету.Көріскенше күн жақсы болсын! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.

***Ортаңғы « Сұңқар» тобы Ш апта ( 16-20 тамыз 2021 жыл)***

Апталық тақырып **«Өнер көзі халықта »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:** Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып,<br>балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | Шаттық шеңберіне тұрғызады.<br>- Бір-бірімізге карап, жаксы сөздер айтайық:<br>- *Күніміз жаркын, әдемі, ашык, қуанышты, көңілді болсын!* | Балаларды жартылай шеңберге отырғызып, С.Қалиұлының «Үлгі» өлеңін оқып береді:<br>- *Кім жек көрер пысықты, «Ылги бетін жуады»,* -<br>*Деп, тәтеміз мысықты*<br>*Бізге үлгі қылады.*<br>***Улгі*** сөзіне сөздік жұмыс жасайды.<br>Дыбыстық жаттығу Ү-ү-үлгі. | Балаларды шеңберге тұрғызып, "Угәй-ай" әнімен:<br>- *Угәй, угәй әніміз, Арпа-бидай дәніміз, Ашық болып аспанымыз, Сәтті болсын күніміз!* - деп, балаларға бүгінгі күнге сәттлік тілейді. | Балалар шаттық шеңберінде:<br>*Орнымыздан тұамыз, Күнге шаттана қараймыз, Қуана қолымызды соғамыз, Осылай күнге жылу шашамыз.* | Балалармен салемдесіп, шаттық шеңбергн құрады.<br>Күнге қарап күлімдеп, бойымыздағы жылуды күнге қарай шашамыз деп, қимыл-қозғалыстар жасатады. |
| **Жаттығулар кешені № 1** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына, Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын, Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | ***Д/О:шарты:***<br>«Дауысын сал! Құстардың суреттерін таратып береді.Кімде қандай құстың суреті, соның дауысын салады? | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (тобындағы достарының заттарын анықтау); | ***Қимылды ойын:*** «Түлкі мен құстар» бір бала түлкі қалғаны құстар болады. Түлкі ұйықтап отырады. Құстар қасында ұшып жүреді, түлкі оянып кетіп, құстарды қуады. | **Қ/О** :«Кім жылдам?» «Дұрыс сал!»<br>**Шарты**:Шашылып жатқан көкөністер мен жемістерді жинаса сол жеңеді. | **«Не артық?» д/ойын.**<br>Суреттен не артық екенін табады. |
| **ҰОҚ** | **Музыка**<br>**Мақсаты:** Балалардың музыкаға деген құштарлығын арттыру, сүйікті балабақшасы туралы ән айтуға үйрету.<br>**Ұоқ барысы:** | **Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** «Сүйікті ойыншығым»<br>**Мақсаты:** *ойыншықтарды сипаттап айтуға үйрету. Қандай? Сұрағына жауап беруге үйрету. Сұраққа қысқаша жауап беруге дағдыландыру. Жалғау, жұрнақтарды сөздерге дұрыс жалғап айтуға үйрету.Ұқыплылыққа баулу.* | **Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Көкөністер»<br>**Мақсаты:** көкөністер, олардың түстері , жинап алатын мезгілін. Күнделікті тамаққа жиі пайдаланатын қияр мен қызанақ туралы әңгімелеу. Көкөністерді сипаттау арқылы сөздік қорларын, тіл байлықтарын, | **Сурет салу.**<br>**Тақырыбы:** ««Әдемі гүл» (Триз әдісі. Жіппен салу)»<br>**Мақсаты:** қол,саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып жіпті бояуға малып триз әдісін паидаланып гүл салуға үйрету,бояу түстерін ажырату дағдыларын | **Дене шынықтыру т/а.**<br>Еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Еденде |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Ән тыңдау:**«Сәби қуанышы» (Е.Құсайынов)<br>**Ән айту:** «Топ-топ балақан» әні(М.Арынбаев,А.Асылбеков)<br>**Муз – ырғақты қимыл:** «Достастық»<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Секіртпеден секіру.Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1. Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру.<br>2. Секіртпеден секіру.<br>3. .Допты екі қолымен жерге соғу.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:** «Паравоз»№1<br>**Күтілетін нәтиже: орындайды:**негізгі | **ҰОҚ барысы:**<br>М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру: *Біздерде бар қуыршақ, Бұзау, қозы, құлыншақ. Ойыншықтар тыңдайды, Айтқаныңнан шықпайды.*<br>Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп, өлең жолдарын жаттауға ұсыныс жасайды – Сенің қандай ойыншығың бар? Сен онымен ойнап болған соң орнына жинайсың ба? Ойыншықтардың тұратын жерін білесің бе? Ойыншықтарды лақтырмай, сындырмай, ұқыпты ойнауларын керек.***Ғажайып сәт.*** «Сиқырлы сандық»-Кәне, сандықта не бар екен, деп балалардың көңілін аударады.-Ботақан, мысық, құлыншақ бар екен.-Енді осы ойыншықтарға әңгіме құрастырайық. Әңгіме құрастыруға көмектеседі.Ботақан, мысық, құлыншақ туралы түсіндіреді ***Сергіту сәті:***<br>*Тікірейіп құлағы,*<br>*Менен бұрын тұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп,*<br>*Беті қолын жуады.*<br>Үлестірмелі суреттермен **«Тез көрсет!»** ойынын ойнатады. Ойыншықтардың аттары бар өлең оқыған кезде өлеңде айтылған жануарлардың суреттерін жылдам көрсету керек. Мысалы:<br>*Құлыншағым-құндызым, Құлдырайды шабады.*<br>*Жылтылдаған жұлдызым, Құстай қанат қағады.*<br>*Тікірейіп құлағы, Менен бұрын бұрады.*<br>*Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады.*<br>*Тәй,тәй тұрған ботақан, Аяқты қалт-құлт басасың.* | ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**ҰОҚ барысы:**<br>**Әңгіме жүргізу.**<br>-Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Иә, Балалар, жаз мезгілі екен. өткен де біз сіздермен жаздан соң күз мезгілі-астықтың, көкөністердің пісетін кезі дедік. Біз көкөністер туралы не білеміз?<br>**«Ғажайып сәт»**<br>-Балалар, бәріміз көзімізді жұмып, бір әт ойланайық. Енді көздеріңді ашуға болады.<br>Не деген тамаша! (Балалар үстел үстіндегі себет толы көкөністерді көріп таңғалады)<br>-қияр, сәбіз, қызылша, картоп,пияз,қызанақ-көкөністер.<br>-Көкөністер қай өседі екен?<br>-Көкөністердің құрамында қажетті дәрумендер өте көп. Күнделікті өмірде көп пайдаланылатын көкөністердің бірі-қиярмен қызанақ. Қиярдың түсі қандай?<br>Қиярдың түсі жасыл болады. Пішіні сопақша түкті болып келеді. Қияр-асқабас тұқымдас бір жылдық бақша дақылы. Қиярды тағам ретінде пайдаланамыз. Ал, қызанақтың түсі қандай екен?<br>Қызанақ-қызыл түсті көкөніс. Қызынықтың пішіні дөңгелек.<br>**Сергіту сәті:**<br>Мен қиярмын,қиярмын<br>Жаттығуға даярмын<br>Қолдарымды көтеріп,<br>Қиярдай болып өсермін<br>**Үлестірмелі материалдармен жұмыс:**Берілген көкөністердің түсін ажыратып бояу.Сабаққа белсенді қатысқан балалар | қалыптастыру; ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын,кеңістікті дағдарлай білу қабілетін жамыту ;<br>сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.<br><br>**ҰОҚ барысы:**<br>Өлең жолдарын оқу мен гүл түрлерімен таныстыру:<br>Жыл мезгілі шуақты<br>Жердің беті нұрланған.<br>Сайды қуып су ақты.<br>Гүлдер өсті ырғалған.<br>-Балалар, бүгін біз ерекше сурет салу жолдары арқылы әсем гүл саламыз.ендеше мұқият тыңдап жасалу жолдарына назар аударыңдар.Алдымен қауіпсіздік ережелерді қайталап алайық. Алдарында жіпті өздеріне ұнаған түске – гуашка малып, ақ қағазға ирелеп орналастырамыз.Жіпті қозғамаймыз. Қолмен ұстауға болмайды.Өйткені гүліміз әдемі болмай қалады. Енді екінші ақ қағазды үстіне алақанымызбен басып, жіпті суырып аламыз. Бұл сурет салудын өзгеше жолы болып табылады, оны триз әдісі деп аталады. Қане өздерін жасандар .<br>**<u>Сергіту сәті:</u>**<br>Күн болып жанайық,<br>Мөлдір су боп ағайық.<br>Гүл болып жайнайық,<br>Терең-терең демалып,<br>Жүгіріп-жүгіріп алайық.<br>**Күтілетін нәтиже:** | 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім**<br>Едендегі нееденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру<br>Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру<br>Сергіту сәтінде аңдар мен үй жануарларының қимыл-қозғалысын қайталауға құрылған жаттығулар жасау.<br>**Қимылды ойын:** «Ақ қоян»<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жаттығуларды өздігінше орындайды. | Осы тақпақтардың біреуін жаттауды ұсынады.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>Нені білу керек? *Ойыншықты сипаттауды.*<br>Қандай түсініктерді игерді? *Ойыншық туралы түсінікті* | мадақталады.<br>**Күтілетін нәтиже:**<br>***Білді:***Қияр мен қызанақтың түсін, пішінін ажырата біледі<br>**Игерді:**көкөністерді жемістерден ажырата білу дағдыларын игерді | ***Білді:****жіп арқылу сурет салуды*<br>**Игерді:**жіппен ирек жолдарды н ақ қағазға орналасытуды. | |
| **Серуен. Бақылау.** | ***Серуен №6***<br>***Аққайың ағашын бақылау*** | ***Серуен №7***<br>***Құмырсқаны бақылау*** | ***Серуен №8***<br>***Жәндіктерді бакылау*** | ***Серуен №9***<br>***Алма ағашын бақылау*** | ***Серуен №10***<br>***Қарақат бұтасын бақылау*** |
| **Түскі ас** | *Балалардын назарын тамақға аудару.*<br>*Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.*<br>*Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.<br>Балалардың киімдерін ұқыпты жинатып орындарына жатқызу.<br>Балаларды өз төсектеріне ретімен жатқызу.<br>Балаларды жатқызып төсектерін жамылдырту. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж.** Сумен жуыну, сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру. | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Балаларды саппен тұрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,<br>Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,<br>Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | *Астарың дәмді болсын. Стөл үстінде ұқыпты тамақтану, ас қайтару:*<br>*Асын, асын, асына,Береке берсін басына,*<br>*Дастарханың мол болсын,Денсаулығың зор болсын. (Аумин)* | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | ***Д/О***:«Не жок?»<br>***Шарты***: ойыншықтарды қатар-қатар қойып, балалардың назарын ойыншықтарға аударады.Осыдан кейін балалар көздерін жұмып отырады. Осы кезде ойыншықтардың біреуін алып қояды, Балалар көздерін ашып,<br>қай ойыншықтың жоқ екенін | **Д/ойыны:** «Ненің баласы екенін тап?»<br>үлестірмелі материалда берілген су-<br>реттен жануарлар, олардың балаларымен сәйкестендіреді. | **Қ/О: «Мен жасай аламын».**<br>Сурет бойнша көрсетілген қимылды корсету.Мысалы: секіру, отыру, түру... | **Д/ ойыны :** «Не жок?»<br>Киімдерді тізіп қояды, жоқ киімді табады. Көздерін жұмдырады, біреуін алып қояды. Көру, есте сақтау қабілеттерін дамытады. | **д/ойыны.** «Айгүлге қуыршағын жуындыру ушін не керек?»<br>Жуындыру үшін қандай заттар керегін суретке қарап айтып, артық затты сызады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | табады | | | | |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу<br>Балаларды ұқыпты киіндіріп , өз аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. . Сап түзеп серунге шығару. | | | | |
| **Серуен Бақыла** | ***Серуен №6<br>Аққайың ағашын бақылау*** | ***Серуен №7<br>Құмырсқаны бақылау*** | ***Серуен №8<br>Жәндіктерді бакылау*** | ***Серуен №9<br>Алма ағашын бақылау*** | ***Серуен №10<br>Қарақат бұтасын бақылау*** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-аналарына табыстау, балалардың тәртібі, тазалығы жайында әңгімелесу | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҰҚ жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Балардың үйде әдептілік сөздерді күнделікті айтып пайдалануын қадағалауын өтіну. | Ата-аналарға демалыс күндері күн тәртібін сақтауын талап ету.Көріскенше күн жақсы болсын! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.

***Ортаңғы « Сұңқар » тобы 4 апта ( 23-27 тамыз 2021жыл)***

Апталық тақырып : **«Ғажайыптар әлемі »**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау:**Ата-аналармен әңгімелесу; Ойындар (үстел үсті,саусақ және т.б. ); Таңертеңгі гимнастика (5 мин | **Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы:** Балалрдың негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттіліктерін қолдана отырып, балалардың белсенді әрекетке қажеттіліктерін байытуға бағытталған. | | | | |
| | Балаларды шеңберге тұрғызып: *Бала-бала, балақан, Кәне қайсы алақан Саусақтаың әйбат, Былай, былай ойнат.*-деп Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Балаларды жартылай шеңберге тұрғызып: *Орнымыздан тұрамыз, Алақанды соғамыз Жоғары – төмен қараймыз, Топылдатып басамыз.*-деп Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Балаларды шеңберге тұрғызып: *Арайлап атқан таңымыз аппақ, Арайлап атқан таңымыз ашық. Арайлап атқан таңымыз жарқын, Арайлап атқан таңымыз қуанышты болсын!.* Сәйкес қимыл-қозғалыстар жасатылады. | Шаттык шеңберіне тұрғызады. - Бір-бірімізге карап, жаксы сөздер айтайық: *Күніміз жаркын, әдемі, ашык, қуанышты, көңілді болсын!* | Балалармен сәлемдесіп, шаттық шеңберін жасайды. -*Топ, топ басайық, Жалаудан күн жасайык!, Жаса, жаса алтын күн! Жаса, жаса жарқын күн!* |
| **Жаттығулар кешені № 2** | | | | | |
| **Таңғы ас** | *Балалардын назарын тамаққа аудару. Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі. Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Ойындар,Ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық** | Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар | | | | |
| | **Қ/О** «Қасқыр мен қоян» **Мақсаты:** Балалардың кеңістіктегі берілген белгі бойынша жылдам қимылдау, ептілік, батылдық сияқты қабілетерін дамыту. | **Қ/О**: «Кімнің заттары?» (жақын адамдарының заттарын анықтау); | **Д/О.: Кай жануар немен қоректенеді? Шарты: Әр жануарға берілген қоректерден дұрыс таңдауға баулу** | **Ойын-жаттығу «Қуыршақты жуындыр» Мақсаты:**өз бетінше жұмыс жасауға үйрету.Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Ойлау қабілетін дамыту. | **Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)** Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҰОҚ** | **1. Музыка**<br>**Мақсаты:**<br>Музыкалық есту қабілеттерін арттыру, ойыншықты ұқыпты ұстауға, оларды әнге қосып айтуға үйрету.<br>**ҰОқ барысы:**<br>***Ән тыңдау:*** «Жаз келді алақай» (Д.Ботбаев. Е.Өтетілеуұлы)<br>***Ән айту:*** Г.Жотаева «Көңілдқуыршақпыз »<br>**Муз - ырғақты қимыл:**<br>«Кішкентай би» (Н.Александрова)<br><br>**2. Дене шынықтыру**<br>Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Еденде 10-20 см қашықтықта (2арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан, таспадан секіру.<br>***Әдіс-тәсілдері:***<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>1.Қарқынды өзгерте отырып, жүру және | **3. Сөйлеуді дамыту**<br>**Тақырыбы:** ««Көрсет және қайтала»<br>**Мақсаты:** *өткен оқу іс – әрекетінде алған білімдерін бекіту. Өлеңнің мазмұнын түсіне білуге үйрету.*<br>*Тазалыққа баулу*<br>**ҰОҚ барысы**<br>***Әңгіме жүргізу.***<br>Балалар, бүгінгі біздің оқу қызметіміз ерекше, ойын түрінде өтеді деп, балаларды ойнауға шақырады. «Көрсет және қайтала!» деген ойынды ойнаймыз.<br><br>Балаларға үлестірмелі суреттер таратып береді.<br>- Балалар, енді сендер мені мұқият тындаңдар. Мен сендерге өлең, жұмбақтар оқимын, қолдарын-дагы суреттердің қайсысы неге ұқсаса сол суретті көтересіңдер және сол затты бәріміз қайталаймыз.<br>-Дымқылдап күнде сен,<br>Қолыңа сүйкесең,<br>Кетіп кір-ласың.<br>Тап-таза боласың, Бұл не?<br>- Шомылған баланы,<br>Аймалап алады<br>Сүртеді қолын да,<br>Сүртеді жонын да. Бұл не?<br>- Аузы жоқ, көзі жоқ,<br>Тілі жоқ, сөзі жоқ,<br>Бірақ та тісі бар -<br>Шашыңмен ісі бар. Ол не?<br>- Иілсең иіліп, түйілсең түйіліп, | **4. Жаратылыстану.**<br>**Тақырыбы:** «Жолда жүру ережесі »<br>**Мақсаты:** Балаларды бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін меңгерту, түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**ҰОҚ барысы**<br>***Әңгіме жүргізу.***<br>-Балалар, сендермен жол тәртібі туралы әңгімелесеміз. Тақтада сендер қандай пішінді көріп тұрсыңдар?<br>-Иә, балалар, дұрыс айтасыңдар, дөңгелек екен. Осы пішіндердің түстері бір-біріне ұқсай ма?<br>Пішіндердің түсі-қызыл,жасыл, сары. Мен қазір сендерге сиқырлы жұмбақ жасырамын.<br>**Жұмбақ:**<br>-Қызыл түсі «тұр» дейді,<br>Сары көзі «дайын бол» дейді<br>Жасыл көзі «жүр» дейді<br>-бағдаршамды қайдан көрдіңдер?<br>Иә, балалар, бағдаршамды машина жүретін жолдың шетінен көреміз.<br>**Суретпен жұмыс:**<br>-Бағдаршам бізге жол қиылыстарынан өтуге көмектеседі.<br>-Балалар жолдан қалай өтуіміз керек?<br>-Дұрыс, жолдан абайлап өту керек. Жолдан жүгіріп өтуге болмайды. Жолдан өтер кезде алдымен сол жағыңа, содан соң оң жағыңа қарап, арнайы жаяу жүргіншіге арналған жолмен өту керек. | **5. сурет салу. Тақырыбы**:Шағылысқан күн **сәулесі.**<br>**Мақсаты:** дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету .Балаларға сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, балаларға саусақтар көмегімен күн сәулесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.<br>**Ұоқ барысы:**<br>**1. Ұйымдастыру кезеңі.** Педагог балаларға шаттық шеңберін ұйымдастырып, жұмбақ оқып, оның жауабын сұрайды**:**<br>**Ақ сандығым ашылды,**<br>**Ішінен жібек шашылды. (Күн).**<br>**2. Негізгі кезең.** Педагог балаларға терезеден күн сәулесін бақылауға шақырады. Бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш әкелетіні – жапырақтар жайқалып, құстар сайрап, жан-жануар атаулы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болатыны жайлы әңгімелейді. Балаларды ойын бұрышына шақырады. – Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ. Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылынуына көмектесеміз бе?<br>**Сөздік жұмыс: күннің сәулесі.**<br>Ойыншықтарға сыйлау үшін күннің сәулесін салуды балаларға ұсынады.<br>**Педагог демонстрациялық материалдан күннің сәулесі салынбаған суретті көрсетеді. Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:** Саусағымызды сары түске батырып, күннің сәулесін қысқа сызықтармен саламыз**. Сергіту сәті.**<br>**Ал, балалар, тұрамыз,**<br>**Айналаны шоламыз.**<br>**Күн нұрындай жарқырап,**<br>**Жер бетіне қонамыз.**<br>Алғаш дайын болған суретке педагог күннің күлімдеп тұрған бейнесін әдемілеп салады. Ол бейнеден қуаныштыобраз анық көрініп | **6. Дене шынықтыру т/а.**<br>Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5м арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>***Әдіс-тәсілдері:***<br>**1.Арнаулы жаттығулар.**<br>**2.Жалпы дамытушылық жаттығулары.**<br>Еркін тыныс алу жаттығулары.<br>**3.Негізгі бөлім:**<br>Қарқынды өзгерте отырып, жүру және бағытты өзгертіп жүгіру.<br>Кеудесінің тұсынан әртүрлі заттардың астымен 0,5-1,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бағытты өзгертіп жүгіру.<br>2. Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу.<br>3. Еденде 10-20 см қашықтықта (2арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан, таспадан секіру.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау.<br>**5.Қимылды ойын:** «Түлкі мен қаздар»№10<br>**Күтілетін нәтиже:** **орындайды:**негізгі жаттығуларды өздігінше орындайды. | Қарайды кісіге,<br>Ұқыпты ісіне. Бұл не?<br>- Су, бетіңді жу! Бұл не?<br>**Сергіту сәті.**<br>Балық болып жүземіз,<br>Шынығамыз суда біз.<br>Шынықсақ біз бәріміз,<br>Шымыр болып өсеміз.<br>**«Қайсысы тазалық заты емес?»** д/ ойыны.<br>Суреттен артық затты табады, себебін айтады<br>Тарақ, сүлгі сөздерін дұрыс айтқызып қайталатады.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі:** тазалық заттарының аттарын<br>**Игерді:**тазалық туралы түсінікті<br>**Түсінді:**өлеңнің мазмұнын түсініп, оны қысқаша әңгімелеуді | **Сергіту сәті:**<br>**Ойын: «Бағдаршам»**<br>**Шарты**: жүргізуші жасыл түсті көрсеткенде, балалар жүреді. Сарыны көрсеткенде алақандарын соғады. Қызылды көрсеткенде тыныштық сақтайды.<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Бағдаршамның түстерін ажыратып, бояту<br>Сұрақтар қою арқылы балалардың меңгергендерін қорытындылау.<br>**Қорытынды нәтиже:**<br>**Біледі**:бағдаршамның атқаратын қызметін.<br>**Игерді:**бағдаршамның түстерін ажырата білу дағдыларын игереді<br>**Меңгерді**:жолда дүру ережелерін меңгереді | тұруы тиіс. Балаларға мынадай өтініш айтады. – Ол сендерге риза болып, рақмет айтып тұр, сендер де күн сияқты күлімдеп, өздеріңнің көңіл күйлеріңді көрсетіңдер. Көңілділік әр баланың өзінен басталса қандай жақсы. Жұмыс соңынан қолдарын сулы шүберекпен сүртіп, тазалауын қадағалайды. Қиналған балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Педагог ойыншықтардың атынан балаларға «рақмет» айтады. Енді бөлмеде үнемі көңілді болады деп ескертеді.<br>**3. Рефлексия.** Педагог жұмыс соңынан балалардың еңбегін мадақтап, топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар көңілді болатынын айтады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**біледі:** саусақ арқылы күннің сәулелерін салуды. **түсінеді:**күн сәулесінің жылуы барлығын жылытатынын, бояумен ұқыпты салуды. **қолданады:** саусақпен сурет салуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілді. | арақашықтыққа отырған және тұрған қалыптан доптарды домалату.<br>«Сабын көпіршіктері күні»<br>«Дәрігер» сюжетті–рөлдік ойыны.<br>**4**.Қауіпсіздік шараларын сақтау. |
| **Серуен. Бақылау. Ойын.** | ***Серуен №1 Жаздың белгісін байқау*** | *Серуен №2* ***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3 Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4 Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5 Ағаштарды бақылау*** |
| **Түскі ас** | *Балалардын назарын тамаққа аудару.*<br>*Мәдениетті тамақтануға баулу, әдеп ережесі.*<br>*Ас қайтаруға үйрету.* | | | | |
| **Түскі ұйқы** | Сумен жуыну, сүлгіні қолдану әдістерін қалыптастыру<br>Тамақты дұрыс ішуге, қасық бет орамалды қолдануды пысықтау.<br>Киім түймелерін, сырмаларын ағыту, орындыққа іліп қойуын қалыптастыру | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, ауа, су шаралары** | **Бұлшық еттерге арналған нүктелі массаж** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. | Балаларды саппен тұрғызып, массажды кілемше үстінен жүргізу | **Ояту жаттығулары:**<br>Керіледі мысық,Бізге көзін қысып.<br>Көрінсе оған тышқан,Жүгіреді жылдам. | Балаларды жәй әуенмен аяқ қолға арналған жаттығулар жасату |
| **Бесін ас** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. Қолымызды жылы сумен жуып тамаққа ұқыпты отырамыз. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ас болсын! Қасықты оң қолмен ұстау, нанды үкпей жеу және ұқыпты тамақтану. Тамақты ұқыпты ішеміз нанды үкпей жейміз.Ас қайтару. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет** | **«Қандай түс?»** дидактикалық ойыны, Шарты ; Педагог түрлі түсті ойыншықтарды көрсете отырып, олардың түстерін сұрайды. | **Ойын: «Жылы сөздер»** **Шарты:**Балалар шеңбер жасап тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы сөздер айтады | **Ойын: «Кім жылдам»** **Шарты:** ойыншықтарды көрсеткенде, олардың аттарын жылдам айту керек. -Ойыншықтарды сындырмай ойнау керек.... | *«Жіптер орамы » ойыны, Ойынның шарты;* Балаларға себеттегі таркатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады. | **«Кім алысқа лақтырады?» ойыны.** **Шарты:** Допты ,қағып алып ойнайды.кімнің алысқа лақтырғанын бақылап тұрып, ойын қорытындысын шығарады. |
| **Серуенге дайындық** | Киіну: серуенге шығу.Сап түзеп серунге шығару.Балалрды ұқыпты киіндіріп серуенге шығару<br>Балалрға аяқ киімдерін өздеріне кидіріп үйрету. Балалрды саппен серуенге шығару. | | | | |
| **Серуен Бақылау** | ***Серуен №1 Жаздың белгісін байқау*** | *Серуен №2* ***Табиғатты бақылау*** | ***Серуен №3 Жәндіктерді бақылау*** | ***Серуен №4 Бағдаршам жұмысына бақылау*** | ***Серуен №5 Ағаштарды бақылау*** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балаларды ата-аналарына табыстау, балалардың тәртібі, тазалығы жайында әңгімелесу | Балаларды кішкентай балаларға берілмейтінің жайында айту.Сау болындар! | Бүгінгі ОҰҚ жетістігі туралы әңгімелеу.Бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ескерту.Сау болындар! | Балардың үйде әдептілік сөздерді күнделікті айтып пайдалануын қадағалауын өтіну. | Ата-аналарға демалыс күндері күн тәртібін сақтауын талап ету.Көріскенше күн жақсы болсын! |

Құрастырғандар:

Тәрбиеші: Нургалиева Г.А.

Самал Қ

Тексерген әдіскер: Абдуллаева У.И.